

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 21 желтоқсандағы N 15 Заңы

1-бап. "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 3, 17-құжат; N 9, 86-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 10, 103-құжат; 2004 ж., N 10, 56-құжат; N 17, 97-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1) 16-баптың 1-тармағындағы "(қалалық)" деген сөз "(облыстық маңызы бар қалалық)" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 27-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 19-1) тармақшамен толықтырылсын:

"19-1) аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың штат санының лимитін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен жергілікті атқарушы органдардың штат санының жалпы лимиті шегінде белгілейді және оны аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) әкімдікке жеткізеді;"

3) 3 1 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

б) және 21) тармақшалардағы "(қалалық)" деген сөз "(облыстық маңызы бар қалалық)" деген сөздермен ауыстырылсын;

20) тармақшадағы "(қалалық)" деген сөз "(облыстық маңызы бар қалалық)" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтағы "(қалалық)" деген сөз "(облыстық маңызы бар қалалық)" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 35-баптың 3-тармағындағы "(қалалық)" деген сөз "(облыстық маңызы бар қалалық)" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 38-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Әкім аппараты туралы ережені, оның құрылымын тиісті әкімдік бекітеді."

2-бап. Осы Заң 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті